

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

анықталды. Әсіресе тас қаландыда салынған суреттер ішінде, жылқы суреттері көптеп салынған. Жиырма суретті композицияның ішінде екі түйенің бейнесі, екі адамның бейнесі, үш жыртқыш аның бейнесі, төрт символикалық белгі және 23 жылқы бейнесі салынған. Ескерткіштер сыртында әртүрлі суреттерді бейнелеу Қазақстан жерінде көп кездеспейтіндігі және уақыты жағынан да ерте ескерткіш екенін зертеулер көрсетіп отыр. Қырықүңгір ескерткішіндегі №26 ескерткіштердің архитектуралық құрылымы жағынан да Қазақстан жерінде баламасы аз, өте күрделі құрылыс және жаңа ашылым деп айта аламыз [6, 3].

Қорытындылай келетін болсақ бүгінгі таңда археология саласы жаңа бағытта алға дамумен қатар, осы уақытқа дейінгі ғалымдар мен зерттеушілер қауымына белгісіз болып келген және әлі зерттелмеген ескерткіштер қатарымен толығуда. Әсіресе бұрын қатты зерттеле қоймаған Шығыс Қазақстан өңірінен мусым сайын жаңа нысандар табылып, зерттелуде. Осы жаңа ашылымдардың арқасында бүгінгі күнге дейінгі айтылған ғылыми теориялар мен пікірлердің өзгеріске ұшырауына және жаңаша ой тұжырымдар мен зерттеулер саны арта түсті дей аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оразбаев А.М., Омаров Г.К. Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998, 18-19 с.
2. Радлов В.В. Отчет Императорской Археологической комиссии: за 1862 год: с атласом. -Санкт-Петербург. 1864, 21-23 с.
3. Толеубаев А.Т., Исин А.И., Омаров Г.К., Сайлаубай В., Умитқалиев У.У. Археологические памятники Шыңғыстау: могильник Текебулак-1 (Сарыколь -1). Результаты исследований 2002 г. // Шыңғыстау, Берел, Шілікті, Абыралы: 1999-2003 жж. Археологиялық зерттеулер. – Семей, 2004.
4. Төлегенов Е., Оралбай Е., Қариева Е., Әлжанов Қ., Сарыкөлескерткіштеріндегі 2010 жылғы қазба жұмыстарының қорытындылары // Марғулановские чтения -2011. Материалы международной археологической конференций. (г. Астана, 20-22 апреля 2011 г.). - Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011, С. 369 - 375.
5. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Мұсырманқұл П.Б. Шыңғыстау өңірінде 2021 жылы қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулердің қорытындылары // Марғұлан оқулары – 2021: «Этно мәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықар. ғыл.-әдіс. конф. материалдары (Алматы қ., 26–27 қазан 2021 ж.). 3 томдық. – Алматы, 2021, Т. 1, Б. 237–244.
6. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Нығманбекова Қ.М. Шыңғыстаудағы қола дәуірінің элитарлы жерлеу құрылыстары. 2023. 3 б.
7. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы // Материалы и исследования по археологии СССР. – Л., 1960, № 88, С. 5-6.

УДК 902.01

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ КУЛЬТІ

Еділқызы Аяулым

edilkyzy.ayaulym2004@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ археология және этнология кафедрасының 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Ұ.Ұ. Үмітқалиұлы

Қазақстан территориясында мекен еткен ежелгі адамдардың шаруашылық типінің ауысуына байланысты олардың дүниетанымдық көзқарасы да бірте бірте ауыса өзгере бастады. Осыған байланысты күнделікті тіршілікте бастапқы орынға шыққан жылқы малын ежелгі адамдар азық немесе мініс құралы ретінде пайдаланып қана қоймай, оны құрметтеп, оған қасиет берді. Жылқының түрлі жосын-жоралғылардың басты кейіпкеріне айналып, қабірде өлген адамды о дүниеге тасымалдаушы қызметін атқаруы, сонымен қатар

петроглифтік кешендерде жылқының суреттерінің кездесуі сол заманда жылқының культінің жоғарғы дәрежеде болғанын дәлелдейді. Шаруашылықтың көшпелі және жартылай көшпелі типке ауысуы сонау энеолит дәуірінен бастау алатыны белгілі. Оны біз Ботай және Терсек мәдениеттерінен табылған құнды деректер арқылы дәлелдей аламыз. Яғни сол энеолит дәуірінен орта ғасырлық кезеңге дейін қазақ жерінде өмір сүрген тайпаларда жылқы культі жоғарғы деңгейде болған және оның қалдықтары қазіргі күнге дейін қазақ халқында сақталып келеді. Осындай ауқымды тақырыптың ішінде біздің алғанымыз қола дәуіріне жататын Шығыс Қазақстандағы ескерткіштерде жылқы культінің кездесуі. Тақырыптың маңыздылығын ашу үшін жерлеу орындарындағы жылқының толық немесе оның бөліктерінің кездесуін, одан кейін жартас суреттеріндегі жылқы суреттерін және осы заманға тән өнер туындыларындағы жылқы бейнесін сипаттап кетеміз.

Қазақстанда зерттелген жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу белгілері бар қола дәуіріне жататын ескерткіштер негізінен еліміздің Орталық, Солтүстік және Батыс өңірлерінде топтасқан. Яғни Орталық Қазақстандағы Нұртай, Аяпберген және Ащысу ескерткіштері. Солтүстік Қазақстандағы Бірлік II, Ақсайман, Ұлыбай, Бестамақ, Бағанаты III ескерткіштері, Батыс Қазақстандағы Танаберген II мен Жаман-Қарғалы I ескерткіштері Қазақстан территориясындағы қола дәуіріндегі жылқымен жерлеу ғұрпы туралы мол мағлұматтар қорын береді. [1] Ал Шығыс Қазақстан өңіріндегі жылқымен жерлеу ескерткіштері кейінгі кезеңдерге дейін көп кездеспейтін. Кейінгі жылдары, яғни 2014 жылдан бастап әлі де жалғасып келе жатқан Еуразия ұлттық университетінің қазіргі Абай облысы, Абай ауданының территориясында жүргізілетін археологиялық экспедициясының арқасында қола дәуірінің Қаракемер, Қырықүңгір, Қорғантас сияқты ескерткіштерінен жылқы культіне байланысты құнды деректер табылып отыр. [2]

Қырықүңгір кешенді ескерткіштері Токтамыс ауылына жақын, Шаған өзенінің бойында орналасқан. Қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу негізінде ерте қола дәуірінен бастап ақ Шыңғыстау жерінде жартылай отырықшы шаруашылықпен айналысқан дамыған мәдениет болғанын көреміз. Әсіресе ерте қола дәуірлерінен бастап ақ жылқыны қолға үйрету, жылқыға байланысты наным сенімдердің өте ерте кезеңдерден бастап ақ қалыптасқанын көреміз. Оны адам мүрделерімен бірге табылған жылқы сүйектері, сүйектен жасалған жүгеннің сулықтары және ірі көлемдегі құрылысты ескерткіштің қабырғаларына салынған жылқы суреттері дәлелдей түседі. Жылқы мәдениетінің үлкен дәрежеге көтерілгенін, жылқы культінің адам қоғамы өмірінде маңызды орында болғандығын дәлелдейтін №51 қорғаннан табылған 2023 жылғы зерттеу қорытындылары дәлелдеп отыр.

Қаракемер қола дәуірінің қорымы Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылынан батысқа қарай 32 шақырым жердегі Қаракемер жайлауында, Барлыбай өзенінің оң жақ жағасының, екінші террасасында, өзеннің арнасынан 150 м. жерде жатыр. [2]

Қорым қола дәуіріне тиесілі формалары дөңгелек болып келген жалпақ тастарды қырынан қойып тұрғызған тоғыз қоршаудан және сыртында қоршауы жоқ жеке екі тас жәшік пен қосарланған екі тас жәшіктен тұрады.

Қаракемер ескерткішінің ерте темір дәуірі обасын қазу кезінде тас шеңбер қоршау анықталды. №1 қоршаудың диаметрі 8 м. Қоршау тастары тігінен тұрғызылған жердің бетінен көрінбейді. Қазу кезінде белгілі болғандай, қоршау ортасынан екі тас жәшік анықталды. Солтүстік - батыс жағындағы тас жәшіктің көлемі үлкен, өлшемі ұзындығы 192 см, ені 115 см, онда адам сүйегі анатомиялық күйінде, шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік батысқа қаратылған. Адам сүйегімен бірге жылқы сүйегінен жасалған аттың ауыздығының бөлшегі табылды. Жанындағы оңтүстік жақтағы кіші көлемдегі тас жәшіктен жылқы сүйектері батыс жақ шетіне үйілген күйде табылды. Кіші тас жәшіктің көлемі ұзындығы 150 см, ені 87 см. Екі тас жәшіктің ортасын бір тас қана бөліп тұр, соған қарағанда құрылысты салу кезінде әу баста екі жәшік бірден жасалған. [2]

Екі тас жәшіктің айналасынан төрт бұрышынан әр жерлерге үйілген жылқы сүйектері табылды. Қоршау сыртын қазу кезінде, солтүстік-батыс шетінен тас жәшік сыртында жылқы сүйектерімен аралас тағы бір сүйектен жасалған ауыздықтың бөлшегі табылды.

Қоршау қорымның солтүстік бөлігінде орналасқан ер мен әйел жерленген №6 қоршаудың ішінде, тас жәшік орнынан солтүстікке қарай 50 см. жерде құрбандыққа шалынған жылқының қабырғалары, жілік сүйектері мен тістері табылды.

Қаракемер қорымының №4 қоршауында 20 см тереңдіктен бастап қоршаудың оңтүстік-шығыс бөлігінен жылқының алдыңғы сирақ сүйектері шыға бастады. Тағы 1,5 метр де 2 метр көлемде 15 см тереңдікте қазба салынды. Қазба барысында қоршаудың орталық тұсынан 30 см тереңдіктен жылқының тіс сүйектері бір жерде үйіліп кездесті.

№1 қоршаудың ішінен тас жәшік орнынан солтүстікке қарай 0,5 м жерде құрбандыққа шалынған жылқының қабырғалары жілік сүйектері мен тістері табылды. [2]

Ежелгі адамдардың дүниетанымын түсінуде баға жетпес дерек беретін кешендердің бірі петроглифтер болып табылады. Жазба әдебиеті кездеспейтін көне заманның материалдық және рухани мәдениетін түсінуде жартас суреттерінің атқарар қызметі зор. Қола дәуіріне тән жартас суреттерін салыну образына қарай бірнеше типке бөліп көрсетуге болады. Олар: жан-жануарлар бейнесі және адам кейпі суреттелген кескіндер. Кескін желіліренің ең үлкен тобын құрайтын жануардың ішінде жылқы бейнесі барынша танымдылыққа ие. Қола дәуірі өнерінде жылқы бейнесінің басым болуы нақты тарихи жағдайды сипаттады, бұл ең алдымен осы уақытта жылқы малын толық қолға үйретумен байланысты болды. [1]

Қола дәуірінде Қазақстан территориясындағы, соның ішінде Шығыс Қазақстандағы петроглифтердің ең бір ерекшелігі үндіарийліктердің көне ғұрпы «ашвахамедха», яғни әлем ағашының түбінде құрбандық шалу ғұрпының сюжеттері кездесуінде. Атап айтқанда Алтай-Тарбағатай өңіріндегі Күршім петроглифтерін мысалға келтірсек болады.

Күршім петроглифтік кешенінде ат қазыққа байлалынған күйінде қос жылқы және 6 шабағы бар дөңгелек бейнеленген. Ал жоғарыда атап өткен үндіарийліктердің ғұрпында дөңгелек ғұрыптың басты атрибуттарының бірі саналған. Дөңгелек жылқы құрбан шалынары тұрған күн құдайының символы саналған. Бұның өзі жартас суреттерінің ғұрыптық мәні мен сакральдығын білдіреді. Үндіарийліктермен Орталық Азия халқының байланысы ретінде З.Самашев Орта Азия халықтарының этнографиясындағы аңыз – әңгімелермен байланыстыра кетеді. Соның ішінде қазақ халқының космологиялық аңыздарының бірі әлемнің тіреуші негізі Темірқазыққа байланып тұрған Ақбоз ат пен Көкбоз ат туралы айтып кетеді. Яғни осы екеуінің артынан тұрақты түрде қуып жүретін 7 қасқыр, яғни күнделікті өмірде біз жеті қарақшы деп атап кеткен шоқжұлдыз болады. Өз кезегінде әлемдік тепе-теңдікті сақтап тұрған екі жылқының біреуі жоғалса, онда сол тепе-теңдік бұзылып хаосқа алып келеді. [3]

Шығыс Қазақстандағы петроглифтердің тағы бір ерекшелігі сол заманға тән сейма-турба дәстүрінің сақталуында. Оған мысал ретінде Тарбағатай өлкесіндегі Шимайлы петроглифтерін атап көрсете аламыз. «Силуэтті фигуралар, жануардың тұрыстарының қозғалыссыз болуы, көлемді, басына қарай мойны жуандау жән доға тәрізді иілген мойындарында жалы бар, маңдайындағы кекілі үшкір болып келеді. Бұл жануардың динамикалық жай-күйінің қысымды екендігін көрсететін белгілер». [4]

Жоғарыда атап өткен Қырыққүңгір қорымының №77 қорғанынан жылқы суреттері табылды. «Екінші тізбегінің жоғарғы қаландысынан бастары батысқа қарап тұрған 3 жылқының суреті бар және де таңба (дөңгелек, ортасында қосу белгісі бар). Шығыс бағыттағы тік тұрған тастан солтүстік шығыс тік тұрған тас аралығындағы қаландылардан басы солтүстік шығысқа қаратылған жылқының суреті және басы осы бағытқа қарап тұрған жыртқыш аңның бейнесі табылды. Басы осы бағытқа қаратылған тағы да бір жылқы табылды. Солтүстік батыста тұрған тік тастан Оңтүстік бағытта тұрған тік тас аралығындағы қаландылардан басы Оңтүстікке қарап тұрған 2 жылқының суреті және қолына қару ұстаған Оңтүстікке бағытталып тұрған адамның суреті табылды». [2]

«Қола дәуірі тұрғындарының жылқымен қатысты тағы әрекет түріне шағын өнер туындыларын жатқызамыз. Олардың қатарына Шығыс Қазақстан облысынан кездейсоқ табылған жылқының басы түрінде аяқталатын тас асатаяқтар қолөнердің ерекше

туындыларының қатарына жатады. Дайындалу технологиясы бойынша, әсіресе жылқының кескінін көркемдеп беру мәнері жағынан олар сейма-турба мәдениетінің айрықша үлгілерінің қатарына жатады». [3]

Зерттеу жұмысының өзектілігі мен негізгі мәселесі жылқы культінің ежелгі дәуірлерден бастап, қазіргі қазақ халқына дейін тарихи сабақтастық арқылы үзілмей сақталып келе жатқандығын көрсету болатын. Сонымен қатар әр дәуірде жылқыны дәріптеу қалай орын алғандығы туралы атап кету керек еді. Қорытындылай келе қола дәуірінде жылқы малы көшпелі шарушылықтың дамуы арқасында тұрмыс-тіршілікпен қатар әдет-ғұрыптардың кейіпкеріне айналды. Жоғарыда айтып кеткен жерлеу ескерткіштеріне және жартас суреттеріне сүйенсек жылқы сол кездегі адамдар оны құрбандық малы ретінде пайдаланғанын аңғарамыз. Жылқы болмысы олар үшін барынша синкретті болған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұматаев Р.С. Қола дәуірі тайпаларының дүниетанымы мен өнеріндегі жылқының орны. // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, 2015, №2 (77), 238-243 бб
2. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Мұсырманқұл П.Б. Шыңғыстау өңірінде 2021 жылы қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулердің қорытындылары // Марғұлан оқулары–2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы., 26–27 қазан 2021 ж.). 3 томдық. - Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2021, Т.1, 237-244 бб
3. Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Ғылым, 1992, 288 с
4. Жұматаев Р.С. Қазақстан жартас суреттерінде жылқы бейнесінің кескінделуі: уақытнамалық ерекшеліктер. // Абай атындағы ҚазМПУ хабаршысы. – Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы, 2015, № 3, 202-206 бб.

УДК 902.01

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ, ДИНАСТИИ ШАНЬ – ИНЬ

Еремеева Дарья Александровна

dasha.darya2006@gmail.com

студентка 1 курса бВ02208- археологи, этнология и антропология,

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Научный руководитель – Т.В. Брынза.

В статье рассматривается история древнего Китая, династия Шань-Инь. Дается характеристика археологическим памятников эпохи бронзы на территории Китая, в особенности бывшую столицу древней династии Шань-Инь, Иньсюнь.

В начале 2 тыс. до н.э. недалеко от границ Китая (в Северной Индии, Центральной Азии, включая Южную Сибирь) уже существовали культуры бронзового века. Подавляющее большинство бронзовых культур Евразии зафиксировано археологией в уже сравнительно развитом виде. Это позволяет предположить, что в их появлении сыграли определенную роль взаимосвязи и взаимовлияния культур древнего мира. Распространение бронзовых культур на территории Евразии находилось в определенной степени зависимости от удаленности от ближневосточного центра – сначала бронза появилась в Месопотамии и Иране, затем в Египте, Северной Индии, в Средиземноморье, Европе и Центральной Азии. К началу 2 тыс. до н.э. культуры бронзового века господствовали уже на большей части Евразии от Средней Европы до Минусинской котловины. Данные археологии свидетельствуют о том, что процесс появления и развития металлургии (выплавки меди, а затем бронзы) протекал весьма